

**"Приозерск қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қарағанды облысы Приозерск қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 2 наурыздағы № 9/5 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 26 наурызда № 3065 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Приозерск қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 23 маусымдағы № 22/2 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Приозерск қаласы әкімдігінің 23.06.2016 № 22/2 қаулысымен.**

**Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Приозерск қаласы әкімдігінің 04.06.2015 № 23/1 (алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2000 жылғы 27 қарашадағы "Әкімшілік рәсімдер туралы" Заңдарын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы" Жарлығына сәйкес, Приозерск қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берілген "Приозерск қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ережесі бекітілсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Приозерск қаласы әкімдігінің 04.06.2015 № 23/1 (алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

2. Приозерск қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 28 ақпандағы № 07/55 "Приозерск қаласының білім беру, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" қаулысының күші жойылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Приозерск қаласы әкімінің орынбасары Б.Ә. Қазиеваға жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Қ. Камзин

Приозерск

қаласы

әкімдігінің

2015

жылғы

2

наурыздағы

№ 9/5 қаулысымен бекітілген

# "Приозерск қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ережесі

Ескерту. Ереженің тақырыбы жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Приозерск қаласы әкімдігінің 04.06.2015 № 23/1 (алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

## 1. Жалпы ережелер

1. "Приозерск қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Бөлім) білім беру саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Приозерск қаласы әкімдігінің 04.06.2015 № 23/1 (алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Бөлім өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілеріне, өзге нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Бөлім мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Бөлім азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Бөлім егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. Бөлім өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Бөлім басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Бөлім құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

8. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 101100, Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, Достық көшесі, 23 үй.

Мемлекеттік органның толық атауы:

мемлекеттік тілде – "Приозерск қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі;

орыс тілінде – государственное учреждение "Отдел образования города Приозерск".

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Приозерск қаласы

әкімдігінің 04.06.2015 № 23/1 (алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

10. Осы Ереже Бөлімінің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Бөлімнің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Бөлімге кәсіпкерлік субъектілерімен Бөлімінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Бөлімге заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

## **2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері**

Бөлімнің миссиясы: сапалы білім беру қызметін көрсету, білім саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру.

13. Міндеттері:

1) азаматтардың білім алуға Конституциялық құқығын қамтамасыз ету, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, демографиялық ерекшеліктерді ескере отырып мектепке дейінгі, міндетті орта білім беру саласында біріңғай мемлекеттік саясатты жүзеге асыру;

2) білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін жағдайлар жасау;

3) оқытудың жаңа технологияларын еңгізу, білім беруді акпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу;

4) әр түрлі және көп функциялы білім беру ұйымдарының тиімді дамуына жәрдемдесу;

5) балаларды, оқушы жастарды білім беру қызметкерлерін әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ету;

6) қаланың білім беру ұйымдарын қаржымен қамтамасыз ету жағдайын жақсарту, материалдық техникалық базасын қалыптастыру және дамыту;

7) жастарды тәрбиелеу саласында мемлекеттік біртұтас саясатты жүзеге асыру;

8) ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларды анықтау, бұндай балалардың және ата-ана қамқорлығы жойылуының нақты жағдайларына сүйеніп алғашқы есеп жүргізу, балаларды орналастыру нысанын таңдау, бұндай жағдай боламағанда - жетім балалар мен қамқорлықсыз қалған балаларға арналған

мемлекеттік мекемеге орналастыру;

9) анықталған тәртіпте мүмкіндігі шектеулі немесе ақылдан адасқан немесе есі ауысқан деп танылған тұлғалардың, ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балалардың, кәмелет жасқа толмағандардың мүлкін хаттауды жасау, сонымен қатар анықталған тәртіпте қаза болған немесе хабарсыз кеткен және кәмелетке толмаған тұлғалардың мүлкін хаттау;

10) кәмелетке толмаған балалардың хатталған мүлкін қорғау үшін шаралар қолдану;

11) жетім балалар және ата – ана қамқорлығынсыз қалған балалар үшін мемлекеттік органдардың әрекеттеріне қадағалау үйлестіру және жүзеге асыру;

12) мемлекеттік қызметін көрсету, мемлекеттік қызметін көрсету бойынша мониторинг жүргізу.

#### 15. Функциялар:

1) мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балалардың есебін жүргізеді және олардың орта білім алғанға дейінгі оқуын ұйымдастырады;

2) ата-анасының қамқорлығынсыз қалған кәмелетке толмағандарға қамқоршылық және қорғаншылық жасауды ұйымдастыру, оларды балалар үйлеріне немесе интернаттық ұйымдарға орналастырады;

3) меншік нысандары мен ведомствалық бағыныстылығына қарамастан жергілікті бағыныстағы білім беру ұйымдарында оқу – тәрбие үрдісі мазмұнының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары талаптарына сәйкес келуіне уақытылы бақылау жасауды ұйымдастырады және оны өз күзіреті шегінде жүргізіп отырады;

4) мектепке дейінгі, жалпы орта білім беру мәселелері бойынша жоғары тұрған органдарға статистикалық есеп беріп отырады;

5) педагогикалық кадрлардың біліктілігін көтеру, қайта даярлау қабілеттілік есебін жүргізуді жоспарлайды және жүргізеді;

6) әдістемелік кабинет арқылы қалалық деңгейде оқу – тәрбиелеу үрдісін әдістемелік қамтамасыздандырады;

7) білім мекемелерінің қызметін сараптайды, алдағы уақытта олардың дамуына болжам жасайды, өз күзіретіндегі білім мекемелерінің озық педагогикалық жаңашылықтарын зерттейді және таратады;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

#### 16. Құқықтары мен міндеттері:

1) өз функцияларын орындау мақсатында белгіленген тәртіп бойынша мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, мекемелерден, кәсіпорындардан және лауазымды тұлғалардан қажетті ақпаратты алуға;

2) мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардың қызметшілерін келісім

бойынша Бөлім құзіретіне жататын мәселелерді дайындауға қатыстыру, тиісті ұсыныстар әзірлеу үшін уақытша жұмыс топтарын құруға;

3) мемлекеттік органдардың білім саласында қызметін ұйымдастыруды жетілдіру туралы ұсыныстар енгізуге, Бөлімнің құзырына жататын мәселелер бойынша ақпараттық - талдау және өзге де материалдарды дайындауды жүзеге асыруға;

4) тиісті мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғаларға Бөлім қызметінің аясына жататын тапсырмалар беруге, олардың орындалуын бақылауға, сондай-ақ орталық және жергілікті атқарушы органдар жүргізетін сұрақтар туралы қатысуға ұсыныстар енгізуге;

5) адам құқықтары мен өзге де сұрақтар сақталған, білім мәселелері құзіретіне кіретін, білім мекемесінің лауазымды тұлғаларына ұжымдық, әдестемелік, ақпараттық және басқа да көмек көрсетуге;

6) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларымен ұсынылған басқа да құқықтарды пайдалануға.

### **3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру**

17. Бөлімге басшылықты Бөлімге жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

18. Бөлімнің бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке қала әкімімен тағайындалады және қызметтен босатылады.

19. Бөлімнің бірінші басшысының өкілеттігі:

1) Бөлімнің жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық жүргізеді және Бөлімге жүктелген тапсырмалардың орындалуына дербес жауапты болады;

2) Бөлім қызметкерлерінің және білім беру ұйымдарының басшыларының функционалдық міндеттері мен өкілеттіктерін бекітеді;

3) Бөлімнің алда тұрған және ағымдағы жұмыс жоспарларын бекітеді;

4) Бөлім қызметкерлеріне марапаттау, көтермелеу шараларын және тәртіптік жаза қолданады;

5) барлық қызметкерлер үшін орындауға міндетті бұйрықтар шығарады, нұсқаулар береді және қызметтік құжаттарға қол қояды;

6) жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мектепке дейінгі тәрбие және білім беру ұйымдарының, мектептен тыс ұйымдар мен орта білім беру ұйымдарының басшыларын конкурстық негізде тағайындайды және қызметтен босатады;

7) азаматтармен жеке қабылдау жүргізеді, жемқорлыққа қарсы күрес бойынша ішараларды ұйымдастыруға дербес жауапты болады;

- 8) Бөлім атынан сенімхатсыз іс әрекет етеді;
- 9) ұйымдарда, мекемелерде және меншік нысанына қарамастан барлық кәсіпорындарда Бөлімнің мүддесін қорғайды;
- 10) шарттар жасасады;
- 11) сенімхаттар береді;
- 12) Қазақстан Республикасы заңнамаларында, осы Ережеде жүктелген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

Бөлімнің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

#### **4. Мемлекеттік органның мүлкі**

20. Бөлімнің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

Бөлімнің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

21. Бөлімге бекітілген мүлік қалалық коммуналдық меншікке жатады.

22. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Бөлімнің өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

#### **5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату**

23. Бөлімді қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.